

№5 кезектен тыс педагогикалық кеңес отырысының хаттамасынан үзінді
«Басқұдық жалпы білім беретін мектебі» КММ

2025 жыл «30» мамыр

Төрағасы: Исакова С.А.

Хатшы: Кажмағамбетова А.А.

Қатысқандар: 23

Күн тәртібінде:

1) Білім беру қызметін өзін-өзі бағалау жүргізу туралы

Тыңдалды:

Мектеп директорының у.м.а.: С.А.Исакова

-2025 жылдың 1-30 мамыр аралығында 2022-2023.2023-2024.2024-2025 оқу жылдары бойынша білім беру қызметіне өзін-өзі бағалау рәсімі жүргізілді. Бағаланатын кезең бойынша құжаттар, электронды журнал толығымен қаралды. Бірқатар кемшіліктер кездесті. Комиссия мүшелері өзін-өзі бағалау қорытындысымен толық таныстырып шығады.

Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары:

-Өзін-өзі бағалау әдістемелік ұсынымдар бойынша жүргізілді. Бағалау өлшем шарттары бойынша толығымен зерделенді. Өзін-өзі бағалау қорытындысы бойынша мектептің өзін-өзі бағалауы (55) балл «үлгілі», ал мектепке дейінгі оқыту мен тәрбие қызметі бойынша (39) балл «жақсы» деп бағаланды. Кадрдың сапалық құрамы бойынша кәсіби біліктілік санаты бар педагогтардың үлесінің жыл сайын төмендегені байқалады. Биылғы жылға аттестаттаудың I.П кезеңі бойынша да мұғалімдер тарапынан дайындық күшейтіліп, жұмыстану қажет. Сонымен 4,9 кластарда тест нәтижесі бойынша математика, физика пәндерінен үлгерімнің төмендігі, қалған пәндерден білім сапасында айырмашылықтар кездесті. Аталған пәндер берілуі, мектепшілік бақылауға алынады.

Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары:

-Өзін-өзі бағалауды әдістемелік ұсынымдар негізінде жүргізілді. Жалпы қоса кетенің оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысуы, ғылыми жобалар байқауына қатысым көрсеткіші төмен, сондықтан бүгінгі күннің талабы, балалардың функционалды сауаттылығын арттыру үшін, танымдық белсенділігін жоғарылату мақсатында ғылыми. шығармашылық зерттеу жұмыстарымен айналысуына жағдай жасап, жетекшілік етіп, осы бағытқа баулуға шақырамын. Мектепалды даярлық класының жұмысын одан әрі жандандыру үшін ең кем дегенде біліктілік талаптарына көзделген ойын жабдықтарымен қамтамасыз ету үшін білім бөліміне сұраныс жасап және де демеушілерді тартып, ойыншықтар қорын көбейту керек. Соған әрқайсымыз да өз үлесімізді қоссақ артық болмас еді.

Шешім:

1. Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбие, бастауыш негізгі орта және жалпы орта білім беру қызметінің өзін-өзі бағалау қорытындылары есепке алынсын.

Педагогикалық кеңес төрағасы

Педагогикалық кеңес хатшысы

«Басқұдық жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-нің қызметіне өзін-өзі бағалау жүргізу туралы

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы (6-бап, 59 баптың 4-1 тармағы) негізінде басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Оқу -ағарту министрлігінің Білім сапасын қамтамасыз ету комитетінің 2022 жылғы 27 желтоқсандағы №12 бұйрығын басшылыққа ала отырып, «Білім беру ұйымдарында өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды басшылыққа алып, 2025 жылғы 29 наурыздағы мектептің педкеңесінің №4 хаттамасының шешімі негізінде
БҰЙЫРАМЫН:

1. 2025 жылғы 01-30 мамыр аралығында «Басқұдық жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-нің 2022-2023. 2023-2024. 2024-2025 оқу жылдарында мектепке дейінгі оқыту мен тәрбие, бастауыш, негізгі орта, және жалпы орта білім беру қызметіне өзін-өзі бағалау жұмысы ұйымдастырылды.

2. Мектептің білім беру қызметіне өзін-өзі бағалау жұмысын ұйымдастыру бойынша комиссия төмендегідей құрамда бекітілсін:

1. Мектеп директорының у.м.а.: Исакова С.А.
2. Комиссия төрайымы: Исакова С.А.

3. директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Самиянова А.Е. мүшесі

4. Кажмагамбетова А.А. қазақ тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі Комиссия мүшесі

5. Ратова Г. математика және информатика пәні , комиссия мүшесі

3. Өзін-өзі бағалау жұмысы Қазақстан Республикасы Оқу- ағарту министрлігінің Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің 2022 жылғы 27 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» №12 бұйрығы басшылыққа алынсын.

4. Білім беру қызметін бағалауда Қазақстан Республикасы оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 3 тамыздағы 348 бұйрығымен бекітілген білім берудің тиісті деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының жалпы талаптарына сәйкестігіне ұсынылатын білім беру қызметтерін талдау жолымен жүзеге асыру комиссия мүшелеріне жүктелсін.

5. Білім беру қызметін өзін-өзі бағалау комиссия жұмыстарының қорытындысы 2025 жылдың бойы 2025 жылдың 02 қыркүйекке дейін ресми сайтқа орналастырылсын.

6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды мектеп директоры ретінде өзіме қалдырамын.

Мектеп директорының у.м.а.:  Исакова С.А.